



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы 5 наурыздағы

№ 86

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына
жатқызу қағидаларын бекіту туралы**

«Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік сақтандыру, базалық әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан
Республикасының Еңбек
және халықты әлеуметтік
қорғау министрі**

С. Шапкенов

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 11.03.2022
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 27085 болып енгізілді

Результаты согласования

Министерство труда и социальной защиты населения РК - Директор департамента Анжелика Борисовна Парсегова, 04.03.2022 17:19:58, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство юстиции РК - Вице-министр Наталья Виссарионовна Пан, 05.03.2022 17:04:06, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С. Шапкенов, 05.03.2022 17:18:53, положительный результат проверки ЭЦП

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2022 жылғы 5 наурыздағы
№ 86
Бұйрығымен бекітілген

Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу

2. Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптары бойынша жатқызу сенім факторларын пайдалана отырып, өліммен және ауыр аяқталған жазатайым оқиғалар жиілігін бастапқы бағалауды түзетудің төрт сатылы әдіснамасы негізінде жүргізіледі:

1) бірінші кезеңде экономика салалары бойынша біріктірілген егжей-тегжейлі деректер негізінде кәсіпорындардың санаттары бойынша бөлусіз өліммен және ауыр аяқталған жазатайым оқиғалардың жиілігін бастапқы бағалау жүргізіледі.

Әрбір сала үшін 1000 жұмыс істеушіге шаққанда өлімге әкелетін және өлімге әкелмейтін жазатайым оқиғалардың саны бағаланады. Бағалау жиілігі Пуассонның таралуы бар деген болжам негізінде 95 пайыздық сенімділік аралығын қолдану арқылы жүзеге асырылады;

2) екінші кезеңде Бюльманна-Штрауб әдісін және шектеулі флуктуациялар әдісін қолдану арқылы бірінші сатыда алынған бағаларды түзету жүзеге асырылады.

Бағаларды түзету Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) бірінші деңгейі бойынша экономикалық қызмет түрлерін бөлудегі деректер негізінде алынған, жұмыс істейтін 1000 адамға шаққанда өліммен және ауыр аяқталған жазатайым оқиғалар санын бағалау үшін

қолданылатын сенім факторлары ескеріле отырып, мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$R_{ik} = Z \cdot \bar{X}_{ik} + (1 - Z) \cdot \mu_i, \text{ мұндағы:}$$

\bar{X}_{ik} – ЭҚЖЖ бірінші деңгейінің (неғұрлым егжей-тегжейлі бөліністе) өткен бес жылдағы деректері негізінде алынған i сала шеңберінде k қызмет түрінің жиілігін бағалау;

μ_i – бірінші кезеңде алынған i салада өліммен және ауыр аяқталған жазатайым оқиғалардың жиілігін бағалау;

Z – Бюлманн-Штрауб әдісіне немесе шектеулі ауытқу әдісіне сенім факторы;

R_{ik} – сенім факторын ескере отырып, i сала шеңберінде k қызмет түрінің жиілігін бағалау.

R_{ik} бағаларын одан әрі тұрақтандыру үшін Хи-шаршы тесті, сондай-ақ бірінші кезеңде есептелген сенімділік аралықтары қолданылады;

3) үшінші кезеңде ЭҚЖЖ-ның әрбір келесі (неғұрлым егжей-тегжейлі) деңгейі үшін өліммен және ауыр аяқталған жазатайым оқиғалардың жиілігін бағалауға түзету жүргізіледі. Бұл ретте саладағы жиілікті бағалау ретінде екінші сатыда алынған түпкілікті бағалау пайдаланылады;

4) төртінші кезеңде тізімдік саны 101 адамнан басталатын және одан жоғары, сондай-ақ экономикалық қызмет түрлері бойынша егжей-тегжейлі бөлінген 100 адамға дейінгі кәсіпорындар үшін өліммен және ауыр аяқталған жазатайым оқиғалардың жиілігін түпкілікті бағалауды есептеу жүргізіледі.

3. Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптары бойынша жатқызу мынадай бағалау жолымен жүзеге асырылады:

1) статистикалық деректердің ерекшелігі, медициналық қызметтерге жұмсалатын шығындар көлемі, зардап шеккен қызметкерлердің жарақаттану, еңбекте мертігу, қайтыс болу типтері бөлінісінде еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша өтемақылардың ең жоғары сомасы ескеріле отырып, түпкілікті залалдар болған жағдайларда жол беріледі;

2) зардап шеккен қызметкерлер бойынша болашақ міндеттемелерді, яғни инвестициялық кірісті, төлемдерді, жалақыны индекстеуді, берілген статистикалық деректерге сәйкес еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін және еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін немесе асырауындағыларды ескере отырып, зардап шегушінің өмір сүру ықтималдығын ескере отырып аннуитеттік төлемдердің құнын қамтиды.

4. Экономикалық қызметтің белгілі бір түрінің кәсіптік тәуекел дәрежесін бағалау өндірістегі жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың мынадай статистикалық көрсеткіштеріне негізделеді:

1) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендердің саны, жылына;

2) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендерге төленетін төлемдердің жылдық есептелген сомасы, оның ішінде

жазатайым оқиғадан зардап шеккен бір адамға есептелген төлемдердің орташа мөлшері;

3) жылына кәсіптік аурудан зардап шеккендердің саны;

4) кәсіптік аурудан зардап шеккендерге есептелген төлемдердің жылдық сомасы, оның ішінде кәсіптік аурудан зардап шеккен бір адамға есептелген төлемдердің орташа мөлшері;

5) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде қаза тапқандардың саны, жылына;

6) қызметкерлер еңбек қызметіне байланысты қайтыс болған жағдайда есептелген төлемдердің жылдық сомасы, оның ішінде есептелген төлемдердің орташа мөлшері;

7) экономикалық қызмет түрі бойынша еңбекақы төлеудің жылдық қоры;

8) экономикалық қызмет түрі бойынша қызметкерлердің орташа жылдық тізімдік саны;

9) жұмыс уақытын жоғалту – қайтыс болғандарды қоса алғанда, зардап шеккендерде есепті жылы аяқталған еңбекке жарамсыздықтың күнтізбелік адам-күндерінің саны.

5. Кәсіпорын персоналының тізімдік санына байланысты экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу кәсіптік тәуекелдің 22 сыныбын көздейді.

Тізімдік саны 101 және одан жоғары кәсіпорындар үшін кәсіптік тәуекел сыныптары осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Тізімдік саны 100 адамды қоса алғанға дейінгі кәсіпорындар үшін кәсіптік тәуекел сыныптары осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

6. Кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызылған Экономикалық қызмет түрлері ЭҚЖЖ екі мәнді немесе одан да көп деңгейі бойынша айқындалады.

7. Сақтанушы экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол өз қызметінің негізгі түріне сәйкес келетін кәсіптік тәуекел сыныбына жатқызылуға тиіс.

Сақтанушы өндірістің жалпы көлемінде біркелкі бөлінген экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол кәсіптік тәуекелдің неғұрлым жоғары сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс.

Сақтанушыдан өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиал (филиалдар) сақтанушыда болған жағдайда, ол өзінің кәсіптік тәуекел сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс. Бұл ретте филиал (филиалдар) өзі (өздері) жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрі туралы растауды ұсынады (ұсынады).

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 27085 болып енгізілді
ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 15.03.2022.

Экономикалық қызмет түрлерін
кәсіптік тәуекел сыныптарына
жатқызу қағидаларына
1-қосымша

Тізімдік саны 101 және одан көп кәсіпорындардың экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу

Кәсіптік тәуекелдің 1-сыныбы

- 85xxx Білім беру
- 97000 Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметі
- 98100 Өзіндік тұтынуы үшін тауарлар өндіру бойынша үй шаруашылықтарының қызметі
- 98200 Өзіндік тұтынуы үшін көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша үй шаруашылықтарының қызметі
- 99000 Аумақтан тыс ұйымдар мен органдардың қызметі

Кәсіптік тәуекелдің 2-сыныбы

- 64xxx Сақтандыру мен зейнетақымен қамсыздандыруды қоспағанда, қаржы делдалдығы
- 65xxx Міндетті әлеуметтік қамсыздандырудан басқа, сақтандыру, қайта сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру
- 66xxx Қаржылық қызметтер және сақтандыру саласындағы қосалқы қызмет
- 841xx Жалпы сипаттағы мемлекеттік басқару және қоғамның әлеуметтік-экономикалық саясатын басқару
- 84300 Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы қызмет
- 94xxx Қоғамдық бірлестіктердің (ұйымдардың) қызметі

Кәсіптік тәуекелдің 3-сыныбы

- 56xxx Тамақпен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсету
- 58xxx Баспа қызметі
- 59xxx Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар шығару, дыбыс жазу және музыкалық туындыларды басып шығару саласындағы қызмет
- 60xxx Бағдарламалар жасау және телерадио хабарларын тарату жөніндегі қызмет
- 62xxx Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа да ілеспе қызметтер
- 63xxx Ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызмет
- 75000 Ветеринариялық қызмет
- 95xxx Компьютерлерді, жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды жөндеу

Кәсіптік тәуекелдің 4-сыныбы

204xx Сабын, жуғыш, тазалағыш, жылтыратқыш, парфюмерлік және косметикалық құралдар өндіру
55xxx Уақытша тұру бойынша қызмет көрсету
61xxx Телекоммуникация
84210 Халықаралық қызмет
84220 Қорғаныс қызметі
84230 Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет
84240 Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет
84250 Төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет
90xxx Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет
91xxx Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің қызметі және мәдениет саласындағы өзге де қызмет
92000 Құмар ойындар мен бәс тігуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет
93xxx Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет

Кәсіптік тәуекелдің 5-сыныбы

451xx Автокөлік саудасы
4520x Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу
453xx Автомобиль бөлшектерін, тораптар мен керек-жарақтарды сату
4540x Мотоциклдерді, олардың бөлшектерін, тораптары мен керек-жарақтарын сату; мотоциклдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу
47xxx Автомобильдер мен мотоциклдер саудасынан басқа, бөлшек сауда
68xxx Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар
69xxx Құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызмет
70xxx Бас компаниялардың қызметі; басқару мәселелері бойынша консультация беру
712xx Техникалық сынақтар мен талдаулар
7220x Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер
73xxx Жарнамалық қызмет және нарық конъюнктурасын зерттеу
74xxx Өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
9601x Тоқыма және үлбір бұйымдарын жуу және (химиялық) тазалау

Кәсіптік тәуекелдің 6-сыныбы

46xxx Автомобильдер мен мотоциклдер саудасын қоспағанда, көтерме сауда
721xx Жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер
96020 Шаштараз және сұлулық салондарының қызметтер ұсынуы
96030 Жерлеуді ұйымдастыру және соған байланысты қызмет
96040 Физикалық жайлылықты қамтамасыз ету жөніндегі қызмет
96090 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де жеке қызметтерді ұсыну

Кәсіптік тәуекелдің 7-сыныбы

49100 Қалааралық қатынастағы жолаушылар теміржол көлігінің қызметі

711xx Сәулет, инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және осы салаларда техникалық консультациялар беру

Кәсіптік тәуекелдің 8-сыныбы

52211 Темір жолдарды пайдалану

52212 Автомобиль жолдарын пайдалану

52213 Терминалдар қызметі

80xxx Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тергеп-тексеру жүргізу жөніндегі қызмет

Кәсіптік тәуекелдің 9-сыныбы

49200 Жүк теміржол көлігінің қызметі

52214 Автомобиль тұрақтарының қызметі

52215 Су тартқыштарды қосқанда, магистралды және басқа да құбырларды пайдалану

52216 Қолданыстағы магистралды және басқа да құбырларға құбырды қосу бойынша қызмет көрсету қызметі

52219 Құрлықтағы көліктің өзге де қосалқы қызметі

772xx Жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды жалға алу және лизинг

773xx Өзге де машиналарды, жабдықтар мен материалдық активтерді жалдау және лизинг

77400 Авторлық құқықпен қорғалған жұмыстардан басқа, зияткерлік меншік өнімдерінің және ұқсас өнімдердің лизингі

78xxx Жұмысқа орналастыру саласындағы қызмет

82xxx Коммерциялық қызметті қолдауға бағытталған офистік әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет

Кәсіптік тәуекелдің 10-сыныбы

49500 Тұрба құбыры көлігінің қызметі

52239 Әуе көлігімен жолаушылар және жүк тасымалдарына қатысты өзге де қызмет

52240 Жүктерді көліктік өңдеу

Кәсіптік тәуекелдің 11-сыныбы

429xx Өзге де инженерлік құрылыстар салу

52220 Су көлігінің қосалқы қызметі

Кәсіптік тәуекелдің 12-сыныбы

02100 Орман шаруашылығы және өзге де орман шаруашылығы қызметі

50xxx Су көлігінің қызметі

79xxx Туристік агенттіктер мен операторлардың қызметі, брондау және ілеспе қызмет

86xxx Денсаулық сақтау саласындағы қызмет

87xxx Тұратын жермен қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік қызметтер көрсету

88xxx Тұратын жермен қамтамасыз етпей әлеуметтік қызметтер көрсету

Кәсіптік тәуекелдің 13-сыныбы

11030 Сидр және өзге де жеміс шараптарын өндіру

11070 Алкогольсіз сусындар, минералды сулар және шөлмектегі басқа да сулар өндірісі

52231 Әуе кеңістігін пайдалануды реттеу

52232 Әуежайлар қызметі

53xxx Пошта және курьерлік қызмет

7711x Жеңіл автомобильдер мен жеңіл автокөлік құралдарын жалға алу және лизинг

7712x Жүк автомобильдерін жалға алу және лизинг

Кәсіптік тәуекелдің 14-сыныбы

0161x Өсімдік шаруашылығына ықпал ететін қызмет

101xx Етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру

10200 Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу

352xx Газ тәрізді отынды құбырлар арқылы өндіру және бөлу

422xx Таратушы инженерлік құрылыстар салу

432xx Электр, су құбыры және өзге де жабдықтарды монтаждау және орнату

5210x Жүктерді қоймаға қою және сақтау

5229x Өзге де қосалқы көлік қызметі

Кәсіптік тәуекелдің 15-сыныбы

108xx Өзге де тамақ өнімдерін өндіру

11040 Ашытылған материалдан өзге де тазартылмаған сусындар өндіру

1920x Мұнай өңдеу өнімдерін, шымтезек пен көмірден брикеттер өндіру

351xx Электр энергиясын өндіру, беру және бөлу

42120 Темір жол және метро құрылысы

494xx Жүк автомобиль көлігінің қызметі және көшу бойынша қызмет көрсету

Кәсіптік тәуекелдің 16-сыныбы

012xx Көпжылдық дақылдарды өсіру

0142x Басқа ірі қара мал мен буйволдарды өсіру

0143x Жылқы және басқа да жылқы тұқымдас жануарларды өсіру

0144x Түйелерді және түйе тұқымдас өзге де жануарларды өсіру

0145x Қой мен ешкі өсіру

0146x Шошқа өсіру

0147x Ауыл шаруашылығы құсын өсіру

01500 Аралас ауыл шаруашылығы
01700 Осы салаларда қызмет көрсетуді қоса алғанда, аң аулау және аулау
02300 Жабайы өсетін ағаш емес өнімдерді жинау
031xx Балық аулау
032xx Балық шаруашылығы
32xxx Өзге де дайын бұйымдар өндірісі
331xx Дайын металл бұйымдарын, машиналар мен жабдықтарды жөндеу

Кәсіптік тәуекелдің 17-сыныбы

013xx Өсімдіктердің өсімін молайту
0149x Жануарлардың басқа түрлерін өсіру
06xxx Шикі мұнай және табиғи газ өндіру
103xx Жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу
1102x Жүзімнен шарап өндіру
11050 Сыра өндірісі
42130 Көпірлер мен туннельдер салу
81xxx Ғимараттарға қызмет көрсету және аумақтарды абаттандыру жөніндегі қызмет

Кәсіптік тәуекелдің 18-сыныбы

104xx Өсімдік және мал майлары мен тоң майларды өндіру
11010 Алкогольді сусындарды айдау, ректификациялау және араластыру
14xxx Киім өндірісі
20600 Жасанды және синтетикалық талшықтар өндірісі
22xxx Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру
353xx Бумен, ыстық сумен және ауа бапталған ауамен жабдықтау
4211x Автомобиль жолдарының құрылысы
431xx Ғимараттар мен құрылыстарды бұзу, құрылыс учаскесін дайындау

Кәсіптік тәуекелдің 19-сыныбы

011xx Бір немесе екі жылдық дақылдарды өсіру
109xx Жануарларға арналған дайын жем-шөп өндіру
11060 Уыт өндірісі
18xxx Полиграфиялық қызмет және жазылған ақпарат тасығыштарды жаңғырту
205xx Өзге де химиялық өнімдер өндірісі
25xxx Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарын өндіру
27xxx Электр жабдықтарын өндіру
41100 Құрылыс жобаларын әзірлеу

Кәсіптік тәуекелдің 20-сыныбы

0163x Өнімді өңдеу бойынша қызмет
0164x Отырғызу үшін тұқым өңдеу қызметі
02400 Орман өсіру және ағаш дайындаумен байланысты қызметтер
107xx Нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндірісі

15xxx Былғары және оған жататын өнімдер өндірісі
1629x Ағаш пен тоздан, сабаннан және өруге арналған материалдардан өзге де бұйымдар жасау
19100 Кокс пештерінің өнімдерін өндіру
21xxx Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар өндірісі
29xxx Автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндіру
33200 Өнеркәсіптік машиналар мен жабдықтарды монтаждау, орнату
4120x Тұрғын және тұрғын емес ғимараттар құрылысы
433xx Өрлеу жұмыстары

Кәсіптік тәуекелдің 21-сыныбы

0162x Мал шаруашылығына ықпал ететін қызмет
105xx Сүт өнімдерін өндіру
1200x Темекі өнімдерін өндіру
201xx Негізгі химиялық заттарды, тыңайтқыштар мен азот қосындыларын, бастапқы нысандардағы пластмассалар мен синтетикалық каучукты өндіру
23xxx Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру
36000 Суды жинау, өңдеу және тарату

Кәсіптік тәуекелдің 22-сыныбы

0141x Сүтті бағыттағы ірі қара малды өсіру
106xx Ұн-жарма өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндіру
13xxx Тоқыма бұйымдарын өндіру
26xxx Компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндіру
30xxx Өзге де көлік құралдарын өндіру
37000 Ағынды суларды жинау және өңдеу
39000 Ластануларды жою жөніндегі қызмет және қалдықтарды жою саласындағы өзге де қызметтер
08xxx Өзге де пайдалы қазбаларды өндіру
161xx Аралау және сүргілеу өндірісі
16210 Ағаштан шпон, фанера, тақталар мен панельдер өндіру
16220 Құрастырмалы паркет жабындарын өндіру
1623x Өзге де ағаш құрылыс конструкциялары мен ағаш бұйымдарын өндіру
16240 Ағаш ыдыс өндірісі
17xxx Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру
20200 Пестицидтер мен өзге де агрохимиялық өнімдер өндіру
2030x Бояулар, лактар және ұқсас жабындар, баспаханалық бояулар мен мастикалар өндіру
28xxx Басқа топтамаларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісі
3811x Қауіпсіз қалдықтарды жинау
3812x Қауіпті қалдықтарды жинау
07xxx Металл кендерін өндіру
09xxx Тау-кен өндіру өнеркәсібінде қызметтер көрсету

382xx Қалдықтарды өңдеу және жою
383xx Материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру)
31xxx Жиназ өндірісі
439xx Өзге де мамандандырылған құрылыс жұмыстары
51xxx Әуе көлігінің қызметі
02200 Ағаш дайындау
24100 Шойын, болат және ферроқорытпа өндірісі
24200 Болаттан жасалған құбырлар, түтікшелер, қуыс профильдер, фитингтер өндірісі
245xx Металл құю
493xx Өзге де құрылыстағы жолаушылар көлігінің қызметі
05xxx Көмір өндіру
243xx Бастапқы өңдеу жолымен өзге де болат бұйымдарын өндіру
244xx Негізгі асыл және түсті металдар өндірісі

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 27085 болып енгізілді
ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 15.03.2022.

Экономикалық қызмет түрлерін
кәсіптік тәуекел сыныптарына
жатқызу қағидаларына
2-қосымша

**Тізімдік саны 100 адамды қоса алғанға дейінгі кәсіпорындардың
экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу**

Кәсіптік тәуекелдің 1-сыныбы

- 56xxx Тамақпен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсету
- 58xxx Баспа қызметі
- 59xxx Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар шығару, дыбыс жазу және музыкалық туындыларды басып шығару саласындағы қызмет
- 60xxx Бағдарламалар жасау және телерадио хабарларын тарату жөніндегі қызмет
- 61xxx Телекоммуникация
- 62xxx Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа да ілеспе қызметтер
- 63xxx Ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызмет
- 64xxx Сақтандыру мен зейнетақымен қамсыздандыруды қоспағанда, қаржы делдалдығы
- 65xxx Міндетті әлеуметтік қамсыздандырудан басқа, сақтандыру, қайта сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру
- 66xxx Қаржылық қызметтер және сақтандыру саласындағы қосалқы қызмет
- 85xxx Білім беру
- 94xxx) Қоғамдық бірлестіктердің (ұйымдардың) қызметі
- 95xxx Компьютерлерді, жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды жөндеу
- 9601x Тоқыма және үлбір бұйымдарын жуу және (химиялық) тазалау
- 96020 Шаштараз және сұлулық салондарының қызметтерді ұсынуы
- 96030 Жерлеуді ұйымдастыру және соған байланысты қызмет
- 96040 Физикалық жайлылықты қамтамасыз ету жөніндегі қызмет
- 96090 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де жеке қызметтерді ұсыну
- 97000 Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметі
- 98100 Өзіндік тұтынуы үшін тауарлар өндіру бойынша үй шаруашылықтарының қызметі
- 98200 Өзіндік тұтынуы үшін көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша үй шаруашылықтарының қызметі
- 99000 Аумақтан тыс ұйымдар мен органдардың қызметі

Кәсіптік тәуекелдің 2-сыныбы

- 451xx Автомобиль саудасы
- 4520x Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу
- 453xx Автомобиль бөлшектерін, тораптар мен керек-жарақтарды сату

4540x Мотоциклдерді, олардың бөлшектерін, тораптары мен керек-жарақтарын сату; мотоциклдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу
46xxx Автомобильдер мен мотоциклдер саудасын қоспағанда, көтерме сауда
47xxx Автомобильдер мен мотоциклдер саудасынан басқа, бөлшек сауда
68xxx Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар
69xxx Құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызмет
70xxx Бас компаниялардың қызметі; басқару мәселелері бойынша консультация беру
711xx Сәулет, инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және осы салаларда техникалық консультациялар беру
712xx Техникалық сынақтар мен талдаулар
721xx Жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер
7220x Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер
73xxx Жарнамалық қызмет және нарық конъюнктурасын зерттеу
74xxx Өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
86xxx Денсаулық сақтау саласындағы қызмет
87xxx Тұратын жермен қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік қызметтер көрсету
88xxx Тұратын жермен қамтамасыз етпей әлеуметтік қызметтер көрсету
90xxx Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет
91xxx Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің қызметі және мәдениет саласындағы өзге де қызмет
92000 Құмар ойындарды ұйымдастыру және бәс тігу жөніндегі қызмет
93xxx Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет

Кәсіптік тәуекелдің 3-сыныбы

52212 Автомобиль жолдарын пайдалану
5229x Өзге де қосалқы көлік қызметі
55xxx Уақытша тұру бойынша қызмет көрсету
841xx Жалпы сипаттағы мемлекеттік басқару және қоғамның әлеуметтік-экономикалық саясатын басқару
84300 Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы қызмет

Кәсіптік тәуекелдің 4-сыныбы

0142x Басқа ірі қара мал мен буйволдарды өсіру
0143x Жылқы және басқа да жылқы тұқымдас жануарларды өсіру
0145x Қой мен ешкі өсіру
0146x Шошқа өсіру
0149x Жануарлардың басқа түрлерін өсіру
0161x Өсімдік шаруашылығына ықпал ететін қызмет
101xx Етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру
52213 Терминалдар қызметі
52214 Автомобиль тұрақтарының қызметі

52215 Су тартқыштарды қосқанда, магистралды және басқа да құбырларды пайдалану
52216 Қолданыстағы магистралды және басқа да құбырларға құбырды қосу бойынша қызмет көрсету қызметі
52219 Құрлықтағы көліктің өзге де қосалқы қызметі
52239 Әуе көлігімен жолаушылар және жүк тасымалдарына қатысты өзге де қызмет
75000 Ветеринариялық қызмет
79xxx Туристік агенттіктер мен операторлардың қызметі, брондау және ілеспе қызмет

Кәсіптік тәуекелдің 5-сыныбы

011xx Бір немесе екі жылдық дақылдарды өсіру
012xx Көпжылдық дақылдарды өсіру
013xx Өсімдіктердің өсімін молайту
0144x Түйелерді және түйе тұқымдас өзге де жануарларды өсіру
0147x Ауыл шаруашылығы құсын өсіру
11030 Сидр және өзге де жеміс шараптарын өндіру
52211 Темір жолдарды пайдалану
52220 Су көлігінің қосалқы қызметі
52231 Әуе кеңістігін пайдалануды реттеу
52232 Әуежайлар қызметі
7711x Жеңіл автомобильдер мен жеңіл автокөлік құралдарын жалға алу және лизинг
7712x Жүк автомобильдерін жалға алу және лизинг
772xx Жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды жалға алу және лизинг
773xx Өзге де машиналарды, жабдықтар мен материалдық активтерді жалдау және лизинг
77400 Авторлық құқықпен қорғалған жұмыстардан басқа, зияткерлік меншік өнімдерінің және ұқсас өнімдердің лизингі
78xxx Жұмысқа орналастыру саласындағы қызмет
80xxx Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тергеп-тексеру жүргізу жөніндегі қызмет
81xxx Ғимараттарға қызмет көрсету және аумақтарды абаттандыру жөніндегі қызмет
82xxx Коммерциялық қызметті қолдауға бағытталған офистік әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет

Кәсіптік тәуекелдің 6-сыныбы

0141x Сүтті бағыттағы ірі қара малды өсіру
0163x Өнімді өңдеу бойынша қызмет
0164x Отырғызу үшін тұқым өңдеу қызметі
108xx Өзге де тамақ өнімдерін өндіру

11070 Алкогольсіз сусындар, минералды сулар және шөлмектегі басқа да сулар өндірісі

204xx Сабын, жуғыш, тазалағыш, жылтыратқыш, парфюмерлік және косметикалық құралдар өндіру

20600 Жасанды және синтетикалық талшықтар өндірісі

52240 Жүктерді көліктік өңдеу

Кәсіптік тәуекелдің 7-сыныбы

01700 Осы салаларда қызмет көрсетуді қоса алғанда, аң аулау және аулау

02100 Орман шаруашылығы және өзге де орман шаруашылығы қызметі

02300 Жабайы өсетін ағаш емес өнімдерді жинау

10200 Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу

1102x Жүзімнен шарап өндіру

11060 Уыт өндірісі

5210x Жүктерді қоймаға қою және сақтау

Кәсіптік тәуекелдің 8-сыныбы

01500 Аралас ауыл шаруашылығы

0162x Мал шаруашылығына ықпал ететін қызмет

02200 Ағаш дайындау

02400 Орман өсіру және ағаш дайындаумен байланысты қызметтер

103xx Жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу

107xx Нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндірісі

109xx Жануарларға арналған дайын жем-шөп өндіру

11040 Ашытылған материалдан өзге де тазартылмаған сусындар өндіру

11050 Сыра өндірісі

14xxx Киім өндірісі

2030x Бояулар, лактар және ұқсас жабындар, баспаханалық бояулар мен мастикалар өндіру

49100 Қалааралық қатынастағы жолаушылар теміржол көлігінің қызметі

49200 Жүк теміржол көлігінің қызметі

49500 Құбыр көлігінің қызметі

50xxx Су көлігінің қызметі

53xxx Пошта және курьерлік қызмет

Кәсіптік тәуекелдің 9-сыныбы

031xx Балық аулау

032xx Балық шаруашылығы

06xxx Шикі мұнай және табиғи газ өндіру

105xx Сүт өнімдерін өндіру

18xxx Полиграфиялық қызмет және жазылған ақпарат жеткізгіштерді жаңғырту

20200 Пестицидтер мен өзге де агрохимиялық өнімдер өндіру

3812x Қауіпті қалдықтарды жинау

Кәсіптік тәуекелдің 10-сыныбы

- 104xx Өсімдік және мал майлары мен тоң майларды өндіру
- 205xx Өзге де химиялық өнімдер өндірісі
- 21xxx Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар өндірісі
- 22xxx Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру
- 27xxx Электр жабдықтарын өндіру
- 31xxx Жиһаз өндірісі
- 331xx Дайын металл бұйымдарын, машиналар мен жабдықтарды жөндеу
- 351xx Электр энергиясын өндіру, беру және бөлу
- 352xx Газ тәрізді отынды құбырлар арқылы өндіру және бөлу
- 382xx Қалдықтарды өңдеу және жою
- 383xx Материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру)
- 4211x Автомобиль жолдарының құрылысы
- 429xx Өзге де инженерлік құрылыстар салу
- 432xx Электр, су құбыры және өзге де жабдықтарды монтаждау және орнату
- 493xx Өзге де құрлықтағы жолаушылар көлігінің қызметі
- 494xx Жүк автомобиль көлігінің қызметі және көшу бойынша қызмет көрсету

Кәсіптік тәуекелдің 11-сыныбы

- 08xxx Өзге де пайдалы қазбаларды өндіру
- 1920x Мұнай өңдеу өнімдерін, шымтезек пен көмірден брикеттер өндіру
- 201xx Негізгі химиялық заттарды, тыңайтқыштар мен азот қосындыларын, бастапқы нысандардағы пластмассалар мен синтетикалық каучукты өндіру
- 29xxx Автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндіру
- 33200 Өнеркәсіптік машиналар мен жабдықтарды монтаждау, орнату
- 36000 Суды жинау, өңдеу және тарату
- 3811x Қауіпсіз қалдықтарды жинау
- 4120x Тұрғын және тұрғын емес ғимараттар құрылысы
- 42120 Темір жол және метро құрылысы
- 422xx Таратушы инженерлік құрылыстар салу
- 433xx Әрлеу жұмыстары
- 439xx Өзге де мамандандырылған құрылыс жұмыстары
- 84210 Халықаралық қызмет
- 84220 Қорғаныс қызметі
- 84230 Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет
- 84240 Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет
- 84250 Төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет

Кәсіптік тәуекелдің 12-сыныбы

- 09xxx Тау-кен өндіру өнеркәсібінде қызметтер көрсету
- 106xx Ұн-жарма өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндіру
- 11010 Алкогольді сусындарды айдау, ректификациялау және араластыру

15xxx Былғары және оған жататын өнімдер өндірісі
17xxx Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру
19100 Кокс пештерінің өнімдерін өндіру
23xxx Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру
25xxx Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарын өндіру
26xxx Компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндіру
353xx Бумен, ыстық сумен және ауа бапталған ауамен жабдықтау
41100 Құрылыс жобаларын әзірлеу
42130 Көпірлер мен туннельдер салу
431xx Ғимараттар мен құрылыстарды бұзу, құрылыс алаңын дайындау

Кәсіптік тәуекелдің 13-сыныбы

1629x Ағаш пен тоздан, сабаннан және өруге арналған материалдардан өзге де бұйымдар жасау
28xxx Басқа топтамаларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісі
30xxx Өзге де көлік құралдарын өндіру
32xxx Өзге де дайын бұйымдар өндірісі
51xxx Әуе көлігінің қызметі

Кәсіптік тәуекелдің 14-сыныбы

37000 Ағынды суларды жинау және өңдеу

Кәсіптік тәуекелдің 15-сыныбы

07xxx Металл кендерін өндіру
244xx Негізгі асыл және түсті металдар өндірісі

Кәсіптік тәуекелдің 16-сыныбы

16210 Ағаштан шпон, фанера, тақталар мен панельдер өндіру
16220 Құрастырмалы паркет жабындарын өндіру
1623x Өзге де ағаш құрылыс конструкциялары мен ағаш бұйымдарын өндіру
16240 Ағаш ыдыстар жасау

Кәсіптік тәуекелдің 17-сыныбы

161xx Аралау және сүргілеу өндірісі
243xx Бастапқы өңдеу жолымен өзге де болат бұйымдарын өндіру

Кәсіптік тәуекелдің 18-сыныбы

13xxx Тоқыма бұйымдарын өндіру

Кәсіптік тәуекелдің 19-сыныбы

Жоқ

Кәсіптік тәуекелдің 20-сыныбы

39000 Ластануларды жою жөніндегі қызмет және қалдықтарды жою саласындағы өзге де қызметтер

Кәсіптік тәуекелдің 21-сыныбы

1200x Темекі өнімдерін өндіру

24200 Болаттан жасалған құбырлар, түтікшелер, қуыс профильдер, фитингтер өндірісі

Кәсіптік тәуекелдің 22-сыныбы

05xxx Көмір өндіру

24100 Шойын, болат және ферроқорытпа өндірісі

245xx Металл құю

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акті 11.03.2022

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 27085 болып енгізілді

Результаты согласования

Министерство труда и социальной защиты населения РК - Директор департаментa Анжелика Борисовна Парсегова, 04.03.2022 17:19:58, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство юстиции РК - Вице-министр Наталья Виссарионовна Пан, 05.03.2022 17:04:06, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С. Шапкенов, 05.03.2022 17:18:53, положительный результат проверки ЭЦП